

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
ҚАРАСАҚАЛ ЕРИМБЕТ
АТЫҢДАҒЫ
№96 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ҚЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
КАЗАЛИНСКИЙ РАЙОН
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №96 ИМЕНИ КАРАСАКАЛА
ЕРИМБЕТА ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ
КАЗАЛИНСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 16 » 09 2022 жыл

Н/Қ № 136

Психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы туралы

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» туралы 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығының 1- тарауының 1-тармағын, Облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 12 қыркүйектегі №159-нқ/1 бұйрығын, аудандық білім бөлімінің 2022 жылғы 12 қыркүйектегі №66 бұйрығын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары» туралы 2022 жылғы 25 тамыздағы №377 бұйрығын негізге ала отырып мектепте психологиялық қызмет тобы құрылсын.

2. Мектептегі психологиялық қызмет тобының құрамы төмендегіше құрылсын:

Жәленова Л.С. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.Келімбетов /директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары/
Д.Утениязов /әлеуметтік педагог/
І.Әлімжанова /педагог-психолог
Жолжанова З. – мектеп медбикесі

3. Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қиындықтарды анықтауға және диагностикалауға, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен қолдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің психологиялық салауатталығын сақтау және нығайтуға бағытталсын.

4. Психологиялық қызметтің жұмысы:

- 1). бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру кезінде танымдық және оқу уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда қолдау көрсету;
- 2) негізгі орта білім беру деңгейінде – оқытудың жаңа жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің танымдық және оқу іс-әрекетін дамыту, жеке және

құндылық-мағыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде қолдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты қалыптастыру;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиеленушіге өзін-өзі анықтауға және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Негізі: Қызылорда облысының Білім басқармасының 12.09.22 ж №66, «Қазалы ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 16.09.2022 ж № 1919 санды қатынасы



М.Қаниев

Таныстым:

Жәленова Л.С. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
А.Келімбетов /директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Д.Утениязов /әлеуметтік педагог/
І.Әлімжанова /педагог-психолог/
Жолжанова З. – мектеп медбикесі